

**"Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының аэровокзалының өртенуін тексеру жөнінде Үкімет комиссиясын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 12 шілде N 957. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 307 қаулысымен.

"Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының аэровокзалында өрттің шығу себебін анықтау және оның зардаптарын жою жөнінде шаралар қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының аэровокзалының өртенуін тексеру жөнінде Үкімет комиссиясы (бұдан әрі - Үкімет комиссиясы) мына құрамда құрылсын:

- |                                  |  |
|----------------------------------|--|
| Құлмаханов Шалбай                | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға                            |
| Қалқабаев Ержан Шойбекұлы        | - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі, төрағаның орынбасары               |
| Комиссия мүшелері:               |  |
| Әбілғазин Дәнияр Рүстемұлы       | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы      |
| Есенов Сұлтанбек Шахмарданұлы    | - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Көліктік бақылау комитетінің төрағасы |
| Заяц Яков Игнатьевич             | - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары  |
| Нұрпейісов Қайрат Айтмұхамбетұлы | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі  |
| Бижігітов Осман-Рүстембек        | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Көліктегі ішкі  |

Байкенжеұлы істері шығыс басқармасының  
бастығы

Нұриманов - Қазақстан Республикасының ҰҚК  
Максұт Әнуарбекұлы департаментінің бастығы (келісім  
бойынша)

Нам - Қазақстан Республикасы Әділет  
Александр Григорьевич министрлігінің Сот сараптамасы  
орталығының бөлім бастығы

**Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.07.15. N 976  
қаулысымен .**

2. Үкімет комиссиясы 1999 жылдың 20 шілдесіне дейінгі мерзімде Үкіметке "Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының аэровокзалында өрттің шығу фактісі бойынша қорытындыны қарап, оның зардаптарын жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныс енгізсін.

3. Үкімет комиссиясына өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың белгіленген тәртіппен мамандарын тартуға, сондай-ақ қажетті ақпаратты сұрауға рұқсат етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*